Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызметі	10.00 11.30	**1.Сөйлеуді дамыту** **«Бір үйде біз нешеуміз?»** 1.Отбасы мүшелері туралы әңгімелесу, дауысты дыбыстарды анық айтуға, сөздерді септелуіне қарай байланыстырып айтуға үйрету,тақырыпқа сәйкес шағын тақпақ жаттату **2.Дене шынықтыру** Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. 2-3 м қашықтыкка алға жылжи отырып секіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату.	**1. Музыка** **«Менің отбасым»** Аспаптық пьесалардың қарама-қарсы әуендерін қабылдауға, әнді таза, түсінікті, көңілді айтуға, музыка бөліктерінің өзгеруіне қимылмен жауап беруге үйрету **2.Көркем әдебиет** **«Әке мен бала. Ы.Алтынсарин»** Отбасы туралы түсінігін кенейту, тақырыпқа сәйкес шығармадағы кейіпкерлерді ойнағанда олардың мінездерін бере білуге үйрету **3.Дене шынықтыру** **«Секіру»** Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қарама-қарсы отырып, аяқты алшақ ұстап допты домалату. Қос аяқпен басты затка тигізіп секіру	**1.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру** **«Әртүрлі заттардың топтарын салыстыру және теңеу.»** Бір затты екіншісіне беттестіру, жанына қойып тұстастыру арқылы салыстыруға үйрету. **2.Сурет салу** **«Менің үйім» (сюжеттік с.с)**Асфальтка түрлі-түсті борлармен үйдің суретін салуды үйрету. 3.Шебер қолдар «Піскен алма» **Мақсаты:** Жемістермен олардың пішіндері жайлы білімдерін бекіту. Төртбұрыштың тең ортасын табуға, шеңбер жасай отырып бұрыштарды бір бағытта бүктеуге үйрету.	**1.Жаратылыстану** «Анамызға гүл суаруға көмектесеміз» **Мақсаты:** Қарапайым еңбек дағдыларына тәрбиелеу. Бөлме өсімдігін көрсетуге және атауға үйрету (фикус) Табиғатты тануға деген ынтасын дамыту **2.Дене шынықтыру** **«Жүру.»** Тапсырманы орындай отырып, сапта бір-біреуден жүру және жүгіру. Қос аяқпен басты затка тигізіп секіру. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналаскан тақтай бойымен жүру.. .	**1.Құрастыру** **«Орындық және кресло»** Пластиналарды тік және көлденең орналастыру тәсілімен құрастыру **2.Музыка** **Мақсаты:** Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдауды, бірдей қарқында ән салуға, бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын игеруді үйрету
Серуен:	11 30 12 00	**Аспанды бақылау.** **Мақсаты**: • Табиғаттың басқа құбылыстарымен таныстыруды жалғастыру. • Аспанға қарап,ауа райын болжай алуға үйрету. **Бақылау барысы:** Балалар,қараңдаршы аспан қандай? (таза,ашық). Ендеше ауа райы жылы,ашық. Ал егер аспанды қара бұлт басса,онда қандай ауа райы болады?				